

Мемлекеттік орман иеленушілердің орманды шолып, тексеру жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 қарашадағы № 1401 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 30 қаңтардағы № 43 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 30.01.2016 № 43 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 14 қазандағы 18-02/924 бұйрығын қараңыз.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің 26-бабының 6-1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі
Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік орман иеленушілердің орманды шолып, тексеру жүргізу қағидалары бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі *Қазақстан Республикасының*
К. Мәсімов
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 1 1 ж ы л ғ ы 3 0 қ а р а ш а д а ғ ы
№ 1 4 0 1 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Мемлекеттік орман иеленушілердің орманды шолып, тексеру жүргізу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік орман иеленушілердің орманды шолып, тексеру жүргізу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің 26-бабының 6-1) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Орманды шолып, тексеру жүргізу мерзімдері мен мақсаттарына қарай жоспарлы, жоспардан тыс және бақылама тексеру болып бөлінеді.

2. Орманды шолып тексеру жүргізу тәртібі

3. Орманды шолып, тексеру жүргізуді мемлекеттік орман иеленушілер ұйымдастырады және өткізеді. Оны өткізу үшін мемлекеттік орман иеленуші ұйымның бірінші басшысының бұйрығымен құрамында екі және одан көп адам болатын комиссия құрылады және осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша орманды шолып, тексеру жүргізу кестесі бекітіледі.

4. Орманды шолып, жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер жүргізу кезінде комиссиялар құрамына: орман шаруашылығының барлық санаттағы орман шеберлері, орманшылардың көмекшілері, орманшылар, инженерлер, ормандарды күзету, қорғау, молықтыру және орман пайдалану мәселелерімен айналысатын мемлекеттік орман иеленушілердің мемлекеттік инспекторлары мен басқа да қызметкерлері енгізіледі.

5. Орманды шолып, тексеру жүргізу орманды шолу бекітіп берілген мемлекеттік орман иеленуші ұйымның бірінші басшысының бұйрығымен орман күтушінің қатысуымен өткізіледі.

6. Жоспарлы тексерулер барлық орман айналымдарында жылына екі рет өткізіледі:

1) көктемде - қар қабаты кеткеннен кейін, тексеру 1 маусымға дейін аяқталады;

2) күзде - қар жауғанға дейін, тексеру 1 қарашаға дейін аяқталады.

7. Жоспардан тыс тексерулер бір орманшыдан екінші орманшыға орман айналымдарында:

1) жұмыстан шығуына, басқа жұмысқа ауысуына, ауырып қалуы себепті жұмыста болмауына, демалысқа шығуына, іссапарда және оқуда болуына;

2) орман күтушінің қанағаттанарлықсыз жұмысы немесе қызмет бабын теріс пайдалануы туралы өтініштерді тексеру қажеттілігіне байланысты өткізілген кезде жүргізіледі.

8. Жоспарлы тексерулерде орман тәртібін бұзушылық барынша көп анықталған орман айналымдарында бақылау тексерулері жүргізіледі.

9. Орманды шолып, бақылау тексеруін өткізу үшін мемлекеттік орман иеленуші ұйымның бірінші басшысының бұйрығымен құрамында кемінде үш адам болатын комиссиялар құрылады.

10. Орманды шолып, бақылау тексерулерін өткізу кезінде оларға өздерінің құзіреті шегінде орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган мен оның аумақтық органдарының өкілдері, облыстық атқарушы органдардың орман шаруашылығы құрылымдық бөлімшелерінің, өзге мемлекеттік органдардың қызметкерлері қатысады.

11. Орманды шолып, жоспарлы, жоспардан тыс және бақылап тексеру жасайтын комиссия:

1) ормандардың заңсыз ағаш кесуден қорғалуының қамтамасыз етілуін;

2) орман өрттерінің алдын алу және болдырмау, оларды дер кезінде байқау және жою жөніндегі іс-шаралардың орындалуын;

3) орман орналастыру және орман шаруашылығы белгілерінің, көрнекі насихат құралдарының, көріктендіру элементтерінің сақталуын;

4) орман екпелері жоспарының, оған қорғауға сеніп берілген мемлекеттік орман қорының учаскесі мен мүлік тізбесі туралы мәліметтердің болуын;

5) орман күтушіге сеніп берілген мүліктің бар-жоғын және оның пайдалануға жарамдылығын, сондай-ақ оған бекітілген көліктің, байланыс құралдарының, арнайы құралдардың техникалық жай-күйін;

6) орман күтушінің нысандық киімінің болуын және оның оны киіп жүру тәртібін сақтауын тексереді.

12. Жоспарлы, жоспардан тыс және бақылап тексерулерді өткізу кезінде тексерулер арасындағы кезеңде анықталмаған орман тәртібін бұзушылықтар ескеріледі.

13. Заңсыз кесілген ағаштардың түбірлері және орман тәртібін бұзу салдарынан зақымдалған ағаштар таңбаланады.

Тексерулерді барлық санаттағы орман шаруашылығының инженерлері және бекітіп берілген таңбалары жоқ басқа мамандар жүргізген кезде таңбалау тексеруге қатысушы маманның таңбасымен жүргізіледі.

14. Орманды шолып, тексеру аяқталғаннан кейін осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша екі дана акт жасалады.

15. Орманды жоспарлы шолып тексерулердің қорытындылары туралы есептерді мемлекеттік орман иеленушілер осы Қағидалардың 6-тармағында белгіленген мерзім аяқталғаннан кейін күнтізбелік 30 күн ішінде осы Қағидалардың 3 және 4-қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша жоғары тұрған ұйымға және орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның аумақтық инспекциясына түсіндірме жазбамен бірге береді.

16. Орман шолып, тексерулердің нәтижесі бойынша Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес орман тәртібін бұзушылыққа жол бергені үшін орманшыға тәртіптік жаза қолданылады.

Мемлекеттік орман иеленушілердің орманды шолып,
тексеру жүргізу қағидаларына
1-қосымша

Нысан

Бекітемін

Мемлекеттік орман иеленуші ұйымның
басшысының тегі, аты-жөні _____

20__ жылғы «__» _____

_____ бойынша 20__ жылға арналған _____

(Мемлекеттік орман иеленушінің атауы)

(көктем, күз кезеңі)

орманды шолып, тексеру жүргізу кестесі

Р/с №	Мемлекеттік орман иеленушінің құрылымдық бөлімшесі	Өткізу мерзімі	Тексеру жүргізетін тұлғаның тегі, аты-жөні
1	2	3	4
1.			
2.			

Мемлекеттік орман иеленушілердің орманды шолып,
тексеру жүргізу қағидаларына
2-қосымша

Нысан

(Мемлекеттік орман иеленушінің атауы)

Ормандарды шолып, тексеру жүргізу актісі

(орманшылықтың атауы немесе мемлекеттік орман иеленушінің бөлімшесі)

№ _____ орман айналымын 20__ жылғы «__» _____ -дан 20__ жылғы «__» _____ -ға
дейінгі аралықта

Мына құрамдағы комиссия: _____

(тексерушінің лауазымы, тегі, аты және әкесінің аты)

_____ бұйрығы (өкімі) негізінде
(бұйрық шығарған лауазымды тұлға, бұйрықтың күні және нөмірі)

Барлығы ағаштар және әрбір тұқым бойынша олардың көлемі								
Түбірімен босатылатын ағаш үшін ақының базалық ставкалары бойынша сүректің құны								

4. Тексеру кезінде № ____ орман айналымы бойынша заңсыз ағаш кесу туралы қорытынды деректер: барлығы заңсыз ағаш кесу ____ м³, түбірімен босатылатын ағаш үшін ақының базалық ставкалары бойынша сүректің құны ____ мың теңге.

5. Заңсыз ағаш кесулердің барлық түбірлері, тексеру кезінде _____ бедерімен таңбаланды _____
(таңбаның түрін көрсету) (бедерді түсіру)

6. Анықталған тәртіп бұзушылықтар: (орман тәртібі бұзылған орындарды көрсету - орам, телім, түрі, көлемі):

7. Орманшыға сеніп тапсырылған мүліктің болуы және пайдалануға жарамдылығы, сондай-ақ оған бекітіп берілген көліктің, байланыс құралдарының, арнайы құралдардың техникалық жай-күйі _____

8. Орманшыға берілген қару мен оқ-дәрінің, жеке қорғану құралдарының жай-күйі және күтіп ұсталуы: _____

9. Орман айналымы екпелері жоспарының және паспортының болуы

10. Нысанды киімнің бар-жоғы және күтіп ұсталуы _____

11. Комиссияның қорытындысы және тұжырымдары: _____

		көлемі , м ³	мың теңге				жағдайлар саны	мың теңге	жағдайлар саны
12	13	14	15	16	17	18	19	20	21

кестенің жалғасы

Орман тәртібін бұзушылықтар бойынша істердің қозғалысы				Тексеру нәтижелері бойынша тұжырымдар					
әкімшілік жауапкершілікке тартылған адам	айыппұл салынды, мың теңге	сотқа берілгеністер	соттар қарады	Қызметінен босатылды		қызметі төмендетілген	қызметі жоғарланылғаны	жазба қолданылды	
				құқық қорғау органдарына бере отырып	заң орындарына бермей				
25	26	27	28	29	30	31	32	33	

Мемлекеттік орман иеленушілердің орманды шолып, тексеру жүргізу қағидаларына 4-қосымша Нысан

_____ бойынша _____ ормандарды (мемлекеттік орман иеленушінің атауы) (көктем, күз кезеңі) шолып, тексерудің материалдар бойынша 20 _____ және (көктем, күз мерзімі)

20 жылдары заңсыз ағаш кесу туралы есеп

Мемлекеттік орман иеленуші бөлімшесінің атауы	Жылдар көктем	Заңсыз ағаш кесу, м ³			Заңсыз ағаш кесуге хаттама жасалды, м ³		Орман тәртібін бұзушылықтар бойынша істердің қозғалысы		Секвестр сүрек	
	күз	барлығы	оның ішінде хаттама жасалғаны	%	анықталған адамдарға	анықталмаған адамдарға	Құқық қорғау органдарына берілген істер	сотқа берілгеністер	м ³	Хаттама жасалған заңсыз кесу м ³ %
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11